

**2021 – 2022 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 қарашада № 25318 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының 2021 – 2022 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының 2021 – 2022 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*К. Аксакалов*

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қарашадағы  
№ 249 қаулысына  
1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысының 2021 – 2022 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Білім беру саласының	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі,	Оқу жылына бір студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа
----------------------	---	--

№	коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	күндізгі оқу түрі (орындар, гранттар саны)	құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)
1.	Бакалавриат 6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	2	901 000
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	2	901 000
		6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	1	901 000
2.	Бакалавриат 6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B082 Мал шаруашылығы	5	742 700
		6B083 Орман шаруашылығы	5	742 700
3.	Бакалавриат 6B09 Ветеринария	6B091 Ветеринария	15	600 000
4.	Бакалавриат 6B10 Денсаулық сақтау	6B101 Денсаулық сақтау	20	1001 000
Барлығы			50	

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 қарашадағы  
№ 249 қаулысына  
2-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысының 2021 – 2022 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесі	Жоғары білім негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орындар, гранттар саны)	Оқу жылына бір студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)	
					4 айға	8 айға
			Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	13	466 300	932 600

1.	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың	11	466 300	932 600
			Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	2	466 300	932 600
			Дерматовенерология ересектердің, балалардың	3	466 300	932 600
			Инфекциялық аурулар ересектердің, балалардың	3	466 300	932 600
			Кардиология ересектердің, балалардың	5	466 300	932 600
			Неонатология	3	466 300	932 600
			Онкология ересектердің	4	466 300	932 600
			Педиатрия	8	466 300	932 600
			Психиатрия ересектердің, балалардың	4	466 300	932 600
			Радиология	10	466 300	932 600
			Травматология-ортопедия ересектердің, балалардың	2	466 300	932 600
			Эндокринология ересектердің, балалардың	4	466 300	932 600
			Барлығы			72